

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.422-425

## **ТЯНЬ-ШАНЬ ШЫРШАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ЗИЯНКЕСТЕРДІҢ ӘСЕРІ**

*Мазаржанова Қ.М., Казанганова Н.Б.*

Елімізде ормандарымызға зиян келтіретін әр түрлі аурулар және зиянкестермен күресу арқылы табиғи ресурстарды қорғау бүгінгі таңның маңызды мәселелерінің бірі болып отыр. Өйткені орман алаңдарында әртүрлі зиянкес-бунақденелілердің көбеюі ағаштардың жойылуына жол ашып, сүректің кәделік сапасының нашарлауына әкеп соғып отыр. Сонымен қатар зиянкестер ормандарымыздың санитарлық жағдайының төмендеуіне себепші бола отырып, орман шаруашылығына жоғарыда атап айтқанымыздай экономикалық тұрғыдан зиян келтіреді [1].

Зиянкестерден қатты зардап шеккен Іле-Алатауы МҰТС аумағындағы ормандарымызға тоқтала кететін болсақ, Іле Алатауында 2011жылы болған желсұлатпа Шымбұлақта, Медеу шатқалындағы эндемик өсетін тянь-шань шыршаларының едәуір әлсіреуіне себепші болған. Яғни кейінгі жылдары бұл желсұлатпадан құлаған мыңдаған ағаштарға зиянкестер қоныстанып, шыршалардың шіруіне, өліміне және ормандардың жаппай жойылуына әкелді. 2012-2014 жылдар аралығында әсіресе қабықжегілер сау ағаштарға және қала аумағындағы ағаштарға да үлкен зиян тигізгендігін баса айта кету керек.

Жалпыға белгілі, желсұлатпа - орман шаруашылығына үлкен зиян келтіріп, ағаштардың сынуына себепші болып, әлсіретеді, ал бұдан кейін бұл жағдай зиянкес бунақденелілердің жаппай көбеюінің қолайлы ортасы болады. Сонымен қатар таулы техниканың жетуі қиын жерлерде уақытылы тазалау жұмыстарын жүргізу мүмкін болмаған жағдайда зиянкестердің жаппай көбею қауіптілігі күрт жоғарылайды. Бұл көбінесе бірінші кезекте таулы ормандарға қатысты, себебі олар зиянкес-бунақденелілерден ең көп зардап шегетіндері қатарында [2].

Зиянкестерден үлкен зардап шеккен Шымбұлақ және Медеу шатқалында теңіз деңгейінен 1630 м-ден, 2364 м. биіктікте тянь-шань шыршасының дамуын анықтау барысында 60 ағаштар егжей-тегжейлі қарап, Крафт класына байланысты жіктеп, жалпы жағдайы анықталды.


Жұмыстарымыз феромон тұтқыларын ілу арқылы тіршілігін жалғастырып жатқан, қазіргі уақытта бар болған бунақденелілерді анықтап, содан кейін олардың шыршалардың дамуына қаншалықты зиянын тигізетіндігін талдауымыз қажет болатын. Осы бағытта Шымбұлақтағы үлгі алаңы ішіндегі 200 шаршы метрлік алаңдағы барлық ағаштардың

диаметрлері, биіктіктері, өлшеніп, жалпы жағдайы жеке –жеке жазылды және өлшенген барлық ағаштардың орташа диаметрлері мен биіктігі есептелінді (1-кесте ).

1 – кесте - Шымбұлақтағы тянь-шань шыршасының орташа диаметрі, биіктері (2015ж.)

Ағаш түрлері	Орташа диаметрi (d-см)	Орташа биіктігі (h-м)	Сыныптарға жіктеу			
			I	II	III	IV
Тянь-шань шыршасы	33,3	20,1	17	13	-	-

Бұл кестеден көріп отырғанымыздай, бақылау барысында Шымбұлақтағы тянь-шань шыршасының жалпы өсу жағдайы жақсы екенін айтуға болады. 30 ағаштың 17 данасы, яғни 57% -ы даму жағдайы жақсы, бөрік бастары тығыз, діңі түзу, бұлар –I- сыныпқа жатады. Ал, 13 данасы 43%-ы бөрік бастары сирек, діңі біраз қисық және жекелеген бұтақтары біраз кепкен – II – сыныпқа жатады ( 1-сурет).



1 – сурет. Шымбұлақтағы Тянь-шань шыршасының даму жағдайы

Ал, Медеу шатқалындағы шыршалар, сырт көзге қарағанда діңі жуан, биіктігі орташа 14-24 метр, бірақ жоғарғы жақтары сынған, қурап кеткен ағаштар жеткілікті болды. Бұл шатқалда да салынған үлгі алаңдарындағы ағаштардың орташа диаметрлері, биіктігі де есептелінді (2-кесте ).

2 – кесте. Медеу шатқалында тянь-шань шыршасының орташа диаметрі, биіктері (2015ж.)

Ағаш түрлері	Орташа диаметрi (d, см)	Орташа биіктігі (h,м)	Сыныптарға жіктеу			
			I	II	III	IV
Тянь-шань шыршасы	70,8	21,2	-	5	9	16

2 - кестеде көрсетілгендей 30 ағаштың -16 данасы, яғни 53% -ы даму жағдайы нашар, IV- сынып, 9 данасының 30% даму жағдайы орташа,

III - сынып, ал 5 ағаштың дамуы жақсы 17%, бөрік басы сынбаған, зақымдалмаған - II – сыныпқа жатқызуға болады (2 - сурет).



2 – сурет. Медеу шатқалындағы Тянь-шань шыршасының даму жағдайы

Шымбұлақтағы тянь-шань шыршасының даму жағдайы Медеумен салыстыруға келмейді. Өйткені Шымбұлақта құлаған ағаштар тазартылған, зиянкестер кездескенімен аз мөлшерде, қауіп тудыратын жағдайда емес, өсіп тұрған ағаштардың діңі жуан, бөрік бастары жақсы дамыған.

Медеу шатқалында өкінішке орай тянь-шань шыршаларының дамуы нашар деуге болады. Көптеген ағаштардың бөрік бастары сынған, шыршалардың көбінің ижоғары жақтары құрап кеткен.

Шет елдерде осындай жағдайлар мысалы, Түркияда болған, бұл мемлекетте 1998 – 2009 жылдары қабықжегілер (*Ips sexdentatus* және типограф қабықжегісі *Ips typographus* L. және т.б.) 146 300 га орман алаңдарына зиян келтірген. 1998-2009 жж. типограф қабықжегісіне қарсы 118 427 феромон тұтқысы ілініп, 358 789 000 типограф қабықжегісі жойылған [3].

Ал, Грузия елінің қылқанды ормандарының ерекше өкілі болып есептелінетін шығыстық шыршасы (*Picea orientalis*), өкінішке орай соңғы жылдары дәлірек айтсақ типограф қабықжегісінің салдарынан шырша ормандарының жойылуына әкеп соқтырған [4]. Қазақстанның Тянь-Шань тауында орналасқан шыршалы ормандары, еліміздің баға жетпес байлықтарымыздың бірі болып табылады. Басқа елдер алдында біз осы шыршалы ормандарымызбен мақтана аламыз. Бұл шыршалы ормандардың алып жатқан аумағы шамалы. Шыршалы ормандарымыз желсұлатпадан ғана емес өрттен де айтарлықтай зардап шегіп отыр. Сондықтан Тянь-шань шыршасы елімізде табиғи өсетін эндемик түр, бұл ормандарымызды көзіміздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аманат ету біз орманшылардың және басшылықтың басты міндеті әрі парызы... Ал бұл ормандарға зиянын тигізген зиянкестер – қабықжегілер, әлем бойынша ең қауіпті зиянкестердің бірі болып табылады. Сондықтан оған қарсы күресу

шараларын уақытылы жүзеге асырмаса, бұл зиянкестердің шыршалы ормандарған тигізетін зияны өте үлкен көлемде болады.

Қорыта айтқанда Шымбұлақта құлаған ағаштар тазартылған, зиянкестер кездескенімен аз мөлшерде, қауіп тудыратын жағдайда емес.

Ал, Медеу шатқалында өкінішке орай тянь-шань шыршаларының дамуы нашар деуге болады. Көптеген ағаштардың бөрік бастары сынған, ағаштардың жоғары жақтары көбі қурап кеткендігі анықталды.

Жалпы зиянкестерге қарсы дүние жүзінде: химиялық, механикалық, биологиялық және биотехникалық күрес шаралары жүргізіледі. Солардың ішінде соңғы жылдары биологиялық және биотехникалық әдістерге көбірек көңіл бөлінуде.

Елімізде де осы бағытта орман алаңдарында жұмыстар жүргізілсе, қабықжегілермен биологиялық күресті өте сауатты жүргізіп отырған Еуропа және Түркия мемлекетіндегі биозертханалары сияқты бізде де биозертханалар ашылса бұл да бір шешім болар еді. Біз, келешек орманшылар ретінде өз саламыз бойынша жұмыс істеп, өзімізді дамытуға, орман алаңдарымызды ұлғайтуға көмегімізді тигізуге атсалысқымыз келеді,, бұл біздің де парызымыз болып табылатындықтан, Ауылшаруашылығы министрлігі, Орман шаруашылығы және жануарлыр дүниесі комитеті биозертханаларды ашуды қолға алса, жете көңіл бөлсе екен, деп жұмысымызды аяқтаймыз. Келешек бір орманшы маман ретінде- болашаққа үмітпен қараймыз!

### Әдебиетер тізімі

1. Сагитов А.О., Мухамадиев Н.С., Ашикбаев Н. Ж., Мазаржанова К.М. Лесопатологическое состояние горных лесов Казахстана// Матер.межд. научно-практ.конф. «Интегрированная защита растений – научно обоснованный шаг к устойчивому развитию сельского хозяйства, лесоводства и пейзажной архитектуры». – г. Златибор, Сербия.-2014. – С. – 87-88.

2. Мазаржанова Қ.М., Мұхамадиев Н.Ж., Тянь-шань шыршасы дің зиянкестерін феромон тұтқылары арқылы бақылау.–Жаршы. –2014. – № 6. Б.13-14.

3.Akkuzu, E., Eroglu, H., Sonmez, T.,Ahmet Yolasigmaz, H., Sariyildiz, T.Effects of forest roads on foliage discoloration of oriental spruce. Publisher:Academic JournalsISSN:1991-637X.Subject area:Agricultural and Biological Sciences. -1991.

4. Супаташвили, А. Ш. Дендрофильные пилильщики Грузии и разработка защитных мероприятий от наиболее вредных видов автореферат дис. ... кандидата биологических наук : 06.01.11.- Тбилиси. -1990.- С.10-11.